

# М. ДУЛАТОВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ИНЖЕНЕРЛІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ САПА САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

**Миссиясы** - "Біз кәсіпкерлік және бизнес ойлау дағдылары бар мамандарды даярлауды жүргіземіз. Біз қарым қатынасты адал және ашық жұмыс қағидаттарына негіздейміз».

**Пайымдау** - ҚИНЭУ-ның кәсіпкерлік әлеуметтік-жауапты университет болып қалыптасуы.

**Дамудың стратегиялық мақсаты** - ҚР солтүстік өңірінде инженерлік-экономикалық бағыттағы жетекші ЖОО болу.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету саясаты университет стратегиясының ажырамас элементі және оның білім беру қызметін жоспарлаудың негізі болып табылады. Ол бітіруші мамандардың жоғары сапасына, олардың бәсекеге қабілеттілігіне, үздіксіз жетілдірілуіне, танылуына және олардың іскерлік беделіне ие болуына, мемлекеттің, жұмыс берушілердің және қоғамның талаптарын қанағаттандыруға бағытталған.

Саясатты іске асыру еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG) жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету стандарттарына сәйкес жүргізіледі және Университеттегі білім беру сапасын және тұтынушылардың қанағаттанушылығын (түлектер, жұмыс берушілер және басқалар) ұдайы жетілдіруге бағытталған.

Университет білім беру сапасын қамтамасыз етуді өз қызметіндегі басты басымдықтардың бірі деп санайды.

**Университет сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатты іске асыруда мынадай қағидаттарды ұстаңады:**

- Сапа жүйесінің дамуы және оның университет бөлімшелерінің барлық қызмет түрлеріне таралуы;
- Сапаны қамтамасыз ету үдерістеріне стейкхолдерлерді, ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушыларды тарту;
- Академиялық адалдық және студенттерге немесе қызметкерлерге төзбеушіліктің және кемсітушіліктің кез келген түрінен қорғау;
- Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жүргізу және енгізу, инклюзивті білім беруді дамыту, оқытудың заманауи технологияларын қолдану, тұрақты зерделеу, мониторинг жүргізу негізінде білім берудің әлемдік трендтеріне сәйкес әдемелі даму барлық мүдделі тараптардың (мемлекет, жұмыс берушілер, студенттер және олардың ата-аналары, университет оқытушылары мен қызметкерлері, жалпы қоғам) қанағаттанушылығын болжау.

Университет жоғары оқу орнының нақты белгіленген ресми саясатына, өзі құрған сапа кепілдігі жүйесінің тиімділігін бақылайтын рәсімдер мен тетіктерге негізделген сапаны қамтамасыз етудің тиімді жүйесін әзірлейді және енгізеді.

**Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету:**

- білім беру процесінің сапасын басқару бойынша тиісті ұйымдық құрылымды құру, білім беру сапасының кепілдігін қолдау, студенттер мен жұмыс берушілерді сапа кепілдігін қамтамасыз ету процесіне белсенді тарту бойынша құрылымдық бөлімшелер мен негізгі лауазымды тұлғалардың нақты міндеттерін айқындау;
- бағдарламалар мен біліктіліктерге, студенттердің білім деңгейі мен оқытушылардың құзыреттілігіне жүйелі мониторинг және бағалау жүргізу, процестерді, объективті критерийлер мен көрсеткіштерді, білім беру сапасының деңгейін бағалаудың тиісті рәсімдерін және оны арттыру және сәйкессіздіктерді жою үшін қажетті түзету шараларын енгізу тетіктерін әзірлеу;
- әрбір білім беру бағдарламасына қатысты білім беру сапасына кепілдік беру үшін қажетті ресурстарды құру;
- университет қызметінің жұртшылық үшін ашықтығына кепілдік беретін ақпаратты жинау, талдау және пайдалану жүйесін құру;
- жоғары оқу орны қызметінің негізгі аспектілерін қамтитын білім беру сапасын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерді дамыту: үлгерім деңгейі, еңбек нарығындағы түлектерге сұраныс, студенттердің, қызметкерлердің білім беру үдерісіне қанағаттануы, оқытудың тиімділігі, қолжетімді оқыту ресурстары, ЖОО-ның негізгі құжаттары, оның ішінде білім беру сапасын басқару бойынша;
- ашықтық қағидатын жүргізу, алқалы талқылау және өзірленген ережелер негізінде шешімдер қабылдау, қоғамға ақпараттық ашықтық және сынға ашықтық.

Университет басшылығы барлық персоналдың білім беру қызметінің сапасы саласындағы саясатты тиімді іске асыруын қамтамасыз етеді, ол басқарудың барлық деңгейлерінде іске асырылады және қажет болған жағдайда талдауға және қайта қарауға ұшырауы мүмкін.

Бұл ретте университеттің әрбір қызметкері сапаны қамтамасыз ету процестеріне қатысады және өз құзыреті шегінде жұмыс сапасы үшін дербес жауапты болады. Университеттің әл-ауқаты мен оның қызметкерлерінің әл-ауқаты ұжымның әр мүшесінің жұмыс сапасына байланысты.

Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін іске асыру мақсатында университетте сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Комиссия жұмыс істейді.

Ректор

А. Исмаилов